

«BIG 30» ұтыс ойынын өткізу жөніндегі ЖАРИЯ ОФЕРТА

BI Group компаниялар тобы атынан әрекет ететін «Билдинг Сервис» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әрі – Компания), БСН 210340031727, сонымен қатар, Ұтыс ойыны өтетін кезеңде және Ұтыс ойынының талаптарына сәйкес Жылжымайтын мүлік сатып алуға Шарт жасасқан жеке тұлға (бұдан әрі – Қатысушы) төмендегідей келісімге келді:

1. ҰТЫС ОЙЫНЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ

- 1.1. Ұтыс ойыны өтетін кезең – 2025 жылғы 01 шілдеден бастап 2025 жылғы 31 тамызға дейін қоса алғанда.
- 1.2. Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын 18 жасқа толған жеке тұлғалар Ұтыс ойынына қатысушы болып танылады.
- 1.3. Ұтыс ойынына қатысу үшін Қатысушылар Ұтыс ойыны өтетін кезеңде тиісті Шарт жасасу арқылы BI Group компаниялар тобына кіретін уәкілетті компаниялар Астана, Алматы, Атырау, Шымкент, Қарағанды қалаларында салған тұрғын үй кешендерінен Жылжымайтын мүлік сатып алуы қажет.
- 1.4. Ұтыс ойынына қатысу үшін Қатысушыларға BI Group компаниялар тобына кіретін уәкілетті компаниялармен келесі шарттардың бірін жасасу қажет: тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу шарты / Pre-sales резервтеу шарты / алдын ала шарт (бұдан әрі – Шарт).
- 1.5. Ұтыс ойынына Қатысушылар Ұтыс ойыны өтетін кезеңде сатып алған мынадай жылжымайтын мүлік объектілері (бұдан әрі – Жылжымайтын мүлік) қатысады:
 - тұрғын үй-жайлар: пәтерлер, коттедждер, таунхаустар, дуплекстер;
 - жер телімдері;
 - коммерциялық үй-жайлар.
- 1.6. Сатып алудың мынадай түрлеріне: 100% төлемге, ипотекаға, бөліп төлеуге рұқсат беріледі.
- 1.7. Ұтыс ойынына мынадай мүлікті сатып алған/төмендегі жолмен рәсімдеген жеке тұлғалар қатыспайды: Trade-in жүйесі бойынша брондаған; сақтау жайлары; тұрақ орындары; өзара есепке алу жолымен жасалған мәмілелер; Жылжымайтын мүлік бойынша Шартты бұзған / басқа адамға қайта рәсімдеген (бұзу себебіне және бастамашысы кім болғанына қарамастан) сыйға тарту шарттары.
- 1.8. Ұтыс ойынына қатысушы Жылжымайтын мүлікті мына мекенжайлардағы кеңседе:
*Астана қ., Viva Plaza БО, Сығанақ көшесі, 62/3; «Лазурный квартал» ТҮК, Сарайшық көшесі, 5Г;
Атырау қ., Тайманов даңғылы, 42А, Алтын Заман ТҮК; Infinity Mall СОО, Қаныш Сәтбаев даңғылы, 43а;
Қарағанды қ., «51» БО, Бұқар жырау даңғылы, 51/4-құрылыс;
Алматы қ., Тимирязев көшесі, 28в, «Алатау Гранд» БО; Бауыржан Момышұлы көшесі, 10/12; Aport Mall East СОО, Құлжа тас жолы, 106;
Шымкент қ., Tamerlan Residence ТҮК, Бәйтереков көшесі, 100/3; Желтоқсан көшесі, 28, Назарбаев көшесі, 55*
сонымен қатар, онлайн режимде: BI Group-тың <https://bi.group/> ресми парағында сатып ала алады.

2. ҰТЫС ОЙЫНЫНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

- 2.1. Ұтыс ойынының қорытындысы 2025 жылғы 13 қыркүйекте шығады. Бұл күнді Компания біржақты тәртіпте өзгерте алады.
- 2.2. Ұтыс ойынына Қатысушылардың тізімі Ұтыс ойыны өтетін кезең аяқталғаннан кейін құрылады.
- 2.3. Жүлдені алу үшін Қатысушы (Шарт жасасқан контрагент) немесе нотариус куәландырған сенімхат негізінде оның ресми өкілі жеке қатысуы қажет.
- 2.4. Ұтыс ойынының қорытындысы барлық қатысушы қалалар үшін бір уақытта тікелей эфир форматында (онлайн-трансляция) шығады. Онлайн-трансляция сілтемесі Компанияның <https://bi.group/> ресми сайтында Ұтыс қорытындысы басталардан 1 (бір) сағат бұрын жарияланады.
- 2.5. Жеңімпаздар тікелей эфир кезінде Шарт жасасқан контрагенттің тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) (бұдан әрі – Қатысушының аты-жөні) бойынша барлық Қатысушылар тізімінен кездейсоқ сандар

генераторының көмегімен автоматты түрде анықталады. Жеңімпаз қатысушылардың аты-жөндерін тікелей эфир кезінде жүргізуші жариялайды. Жеңімпаз қатысушыларды анықтау/жариялау Шарт жасасқан кезде ұсынылған жеке куәліктегі аты-жөніне қатаң сәйкестікте жүзеге асырылады.

2.6. Компания өкілдері тікелей эфир аяқталғаннан кейін үш жұмыс күні ішінде Қатысушы шарт жасасқан кезде көрсеткен байланыс деректері бойынша Жеңімпаз қатысушыларға хабарласады. Хабарласу мақсаты – жеке басын растау және жүлделерді табыстау тәртібін келісу.

2.7. Ұтыс ойынында жеңімпаз атанған Қатысушылардың қорытынды тізімі Ұтыс ойынының Қорытындысы шыққан мезеттен бастап 24 сағат ішінде Компанияның <https://bi.group/> ресми сайтында міндетті түрде жариялануы тиіс.

3. ЖҮЛДЕ ҚОРЫ

3.1. Ұтыс ойынының бас жүлделері:

- Алматы, Шымкент қалаларынан пәтер сатып алған қатысушыларға – Астана қаласынан пәтер
- Астана, Атырау және Қарағанды қалаларынан пәтер сатып алған қатысушыларға – Астана қаласынан пәтер

3.2. Ұтыс ойынының 30 жүлдесі:

- Smart Remont-тың 5 000 000 теңгелік сертификаты – 1 дана
- 2 000 000 теңгелік саяхат сертификаты – 2 дана
- Apple iPhone 16 Pro 8GB/1TB смартфон – 3 дана
- Тұрмыстық техникаға 1 000 000 теңгелік сертификат – 3 дана
- Тұрмыстық техникаға 500 000 теңгелік сертификат – 3 дана
- Теледидар – 3 дана
- Кофе машинасы – 3 дана
- Ақылды Гриль – 3 дана
- Yandex-тің «Ақылды үй» жүйесі + Алиса үндеткіші – 3 дана
- Ауа тазартқыш – 3 дана
- Робот-шаңсорғыш – 3 дана

3.3. Берілген сертификаттарда серіктес-жеткізуші мен жарамдылық мерзімі көрсетіледі.

3.4. Пәтерлердің нақты параметрлері мен орналасқан жері қосымша нақтыланады.

3.5. Жүлделер тізімі Компанияның қарап шешуі бойынша, алдын ала хабардар етпестен біржақты тәртіпте өзгертілуі мүмкін.

3.6. Сыйлық сертификаттары бір рет қолданылады, жарамдылық мерзімі Сертификатта көрсетілген, номинал мен сатып алу құнының арасындағы айырма қайтарылмайды, ақшаға айырбасталмайды, жоғалған/бүлінген жағдайда қалпына келтірілмейді және үшінші тұлғаларға берілмейді.

3.7. Бас жүлде – пәтер ақшалай баламасына, ұқсас баспанаға, басқа тауарларға немесе қызметтерге айырбасталмайды. Жеңімпаз жүлдені ұсынылған күйінде қабылдауға келіседі. Жеңімпаз Компанияда қарастырылған тәртіпте және талаптарға сәйкес пәтерге қатысты шарт жасасуға міндеттенеді. Жеңімпаз кез келген себеппен Бас жүлдені алудан бас тартқан жағдайда, жүлде талап етілмеген болып саналады. Бұл жағдайда Компания мұндай жүлдеге өз қарап шешуі бойынша иелік етуге (мысалы, қайта ойнатуға немесе, егер қарастырылған болса, ішкі регламентке сәйкес тізімдегі келесі Қатысушыға беруге немесе басқа мақсатта пайдалануға) құқылы. Бас тартқан жағдайда, ақшалай өтемақы қарастырылмаған. Жеңімпаз Ұтыс ойынының қорытындысы шыққан кезде пәтер құрылысы аяқталмаған болуы мүмкін екенін түсінеді және Компанияға қандай да бір талап немесе кінәрат қоймастан, құрылыстың аяқталғанын күтуге келісімін береді.

3.8. Жүлделерді беру, пайдалану және салық салу тәртібі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында және Компанияның қосымша құжаттарында айқындалады. Жеңімпаз жүлдені алумен байланысты міндеттемелерді өздігінен орындауға міндетті. Сертификаттар және басқа да жүлделер ақшаға айырбасталмайды, қайтарылмайды және үшінші тұлғаларға берілмейді.

4. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ МЕН МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ

4.1. Ұтыс ойыны немесе оған қатысу мәселелерімен байланысты Компанияға хабарласу және басқа да әрекеттерді жасау автоматты түрде тиісті тұлғалардың осы офертамен танысқанын және толық келісетінін білдіреді. Қатысушының Компанияда Жылжымайтын мүлік сатып алу шартын жасасуы офертаның барлық талаптарын толық және сөзсіз қабылдағаны болып танылады. Жылжымайтын мүлік сатып алу шартын жасасу фактісі Қатысушылардың осы оферта талаптарымен келісетінін, сондай-ақ Компания олардың аты-жөнін, фотосуреттерін, сұхбаттарын және олар туралы басқа да материалдарды пайдалана алатынын білдіреді.

4.2. Ұтыс ойыны жеңімпаздарының жүлделерді алу фактісі Ұтыс ойыны жеңімпаздарының Ұтыс ойыны талаптарымен және осы офертамен келісетінін, сондай-ақ олардың аты-жөнін, фотосуреттерін, сұхбаттарын және олар туралы басқа да материалдарды Компанияның Ұтыс ойыны қорытындысын жариялау кезінде пайдалана алатынын білдіреді. Ұтыс ойынының Жеңімпаздары бұл үшін қандай да бір сыйақы алмастан, соның ішінде радио мен теледидарда, сол сияқты басқа да бұқаралық ақпарат құралдарында Ұтыс ойынына қатысу туралы жарнамалық сұхбат беруге немесе графикалық жарнамалық материалдарды дайындау үшін фотосуретке және бейнежазбаға түсуге келісімін береді. Мұндай сұхбаттарға және басқа да материалдарға барлық авторлық құқықтар тиісінше Компанияға тиесілі болады.

4.3. Жүлде қорының жеңімпаздары осы оферта талаптарымен мұқият танысып шығуы керек. Компания жеңімпазға жүлде табысталғаннан кейін ол алған қызметтердің/тауарлардың сапасына немесе толықтығына қатысты кез келген кінәрат-талаптар үшін жауап бермейді.

4.4. Ұтыс ойыны Қазақстан Республикасы қолданыстағы заңнамасының талаптарына сәйкес, қатысу талаптарының теңдігін қамтамасыз ету және жариялылық қағидаттары бойынша өткізіледі.

4.5. Жүлделерге меншік құқығы Ұтыс ойынының жеңімпазына жүлдені табыстау кезінде өтеді. Осы мезеттен бастап Компания жүлденің жоғалу немесе бүліну тәуекелі үшін жауапты болмайды.

4.6. Жеңімпаз осы оферта талаптарында көрсетілген талаптарды орындамаған жағдайда, Компания оған жүлдені табыстаудан бас тартуға құқылы.

4.7. Ұтыс ойынының жеңімпазы жүлдені алу үшін Компанияға хабарласпаған/келмеген жағдайда, жеңімпаздың жүлдені алу құқығы жойылып, жарамсыз болып танылады.

4.8. Ұтыс ойыны жеңімпазының өз меншігіне рәсімдеумен және мемлекеттік тіркеуден өткізумен байланысты барлық шығындарын Ұтыс ойынының жеңімпазы өзі төлейді.

4.9. Жүлдені берумен байланысты барлық салықтар мен басқа да төлемдерді Компания өзі төлейді.

4.10. Жүлделерді алу немесе пайдалану үшін Ұтыс ойыны жеңімпаздарында Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген шектеулер болған жағдайда, Компания бұл үшін олардың алдында жауапты болмайды.

4.11. Жүлделер құнының ақшалай баламасы төленбейді.

4.12. Компания мен VI Group компаниялар тобының қызметкерлері осы Ұтыс ойынына қатысуға құқылы емес.

4.13. Форс-мажор жағдайлары, соның ішінде, бірақ олармен шектелместен: табиғи апаттар, әскери іс-қимылдар, жаппай тәртіпсіздіктер, мемлекеттік органдардың актілері, төтенше жағдайлар және Компания бақылауынан тыс басқа да күтпеген жағдайлар болған кезде Компания осы оферта бойынша міндеттемелерін ішінара немесе толық орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады.

4.14. Ұтыс ойынына қатысушылар Қазақстан Республикасының дербес деректерді қорғау туралы заңнамасының талаптарына сәйкес Ұтыс ойынын өткізу мақсатында шынайы дербес деректерін ұсынуға және оларды өңдеуге келісімін беруге міндеттенеді.

4.15. Ұтыс ойынына Қатысушы Шарт рәсімдеу кезінде берген дербес және байланыс деректерінің дұрыстығы мен өзектілігі үшін толық жауапты болады. Дұрыс емес немесе толық емес ақпарат берген жағдайда, Компания қатысушыны Ұтыс ойынына қатыстырмауға немесе Ұтыс ойыны қорытындысының күшін жоюға құқылы.

4.16. Ұтыс ойынына Жылжымайтын мүлік бойынша Шартты бұзған / басқа адамға қайта рәсімдеген жеке тұлғалар (бұзу себебіне және бастамашысы кім болғанына қарамастан) қатыспайды.

4.17. Ұтыс ойынының жеңімпазы Ұтыс ойынына қатысуға негіз болған сатып алған Жылжымайтын мүлкі пайдалануға берілгенге дейін және меншігіне қабылданғанға дейін Жылжымайтын мүліктен бас тартқан (Шартты бұзған/басқа адамға қайта рәсімдеген) жағдайда, жеңімпаз Компанияға алған жүлдесінің құнын өтеуге міндеттенеді.

4.18. Осы офертадан туындаған немесе Ұтыс ойынының өткізілуімен байланысты барлық даулар мен келіспеушіліктер тараптар арасындағы келіссөздер арқылы шешіледі. Келісімге қол жеткізу мүмкін болмаған жағдайда, дау Компанияның орналасқан жері бойынша Қазақстан Республикасының құзыретті сотының қарауына жіберіледі.

4.19. Бұл талаптар мен ережелер, Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 395-бабының қағидаларына сәйкес, жария оферта болып табылады, Компания сайтында жарияланған сәттен бастап күшіне енеді және алдын ала хабардар етпестен, біржақты тәртіпте өзгертіле алады. Бұл оферта Компанияның <https://bi.group/> сайтында еркін қолжетімділікте жарияланған.

5. ДЕРЕКТЕМЕЛЕР

«Билдинг Сервис» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БСН 210340031727

Мекенжайы: 010000, Қазақстан Республикасы, Астана қаласы,

Есіл ауданы, Сығанақ көшесі, 17М құрылысы

e-mail: infosales@bi.group

ЖСК KZ58601A871000715831

Банк: «Қазақстан Халық Банкі» АҚ

БСК HSBKKZKX

Өкіл

Нугуманова Р.М.

М.О.